

ИНФЕКЦИЯНЫҢ ТАРАЛУ ЖОЛДАРЫ

Орындаған: Қасен А.

Орналиева А.

Тобы: ВМ-207

Қабылдаған: Көшкімбаев С.

ЖОСПАРЫ:

- Инфекция туралы жалпы түсінік
- Инфекция түрлері
- Инфекцияның таралу жолдары

Инфекция туралы жалпы түсінік

“Инфекция” (лат. *inficere* – жұқтыру, зиянды нәрсені енгіземін) немесе оның синонимі “инфекциялық процесс” термині қоршаған ортаның тиісті жағдайында қабылдаушы макроорганизммен оған, көбейген патогенді немесе шартты-патогенді микроорганизмнің өзара әсері +нәтижесінде пайда болатын және макроорганизмнің ішкі ортасының тұрақтылығын(гомеостазын) сақтауға бағытталған физиологиялық қалпына келу – бейімделу реакцияларының жиынтығын білдіреді. Қарапайымдылар, гельминттер, жәндіктер – *Animalia* әлемінің өкілдері қоздыратын осындай ұқсас процесті инвазия (лат. *invazio* – шабуыл, басып кіру) деп аталады.

- “Инфекция” және “жұпалы ауру” терминдерінің мәнісі бірдей емес. Инфекциялық процесс жұпалы аурулардың негізін құрайды. Инфекциялық процестен айырмашылығы сол, жұпалы ауруды, әр кезде зертханалық әдіспен анықталатын және/немесе микробтардың, олардың токсиндерінің әсерінен әр түрлі дәрежеде гомеостаздың бұзылуымен сипатталатын осы макроорганизмнің айқын клиникалық көрініс беретін жағдайы деп түсіну қажет. Бұл әрбір нақты дарада (индивидумда) инфекциялық процесс байқалатын жеке жағдай. Ауру кезінде патологиялық, морфологиялық субстрат қалыптасып, макроорганизмнің функциясы бұзылған жағдайда ғана жұпалы ауру туралы сөз айтылады
- Микробтардың қасиеттерімен және де макроорганизмнің жеке даралық ерекшелігіне байланысты жұпалы аурулардың қалыпты ағымынан басқа кең спектрлі ауытқулар болуы мүмкін. Егер жұпалы ауру айқын клиникалық жағдайда өтсе, инфекциялық процестің ең жоғарғы дәрежеде көрінгені туралы сөз айтуға болады. Инфекциялық процесс әрқашанда ауру дамуымен аяқталмайды. Қалдық иммунитеті немесе туа біткен табиғи қабылдамаушылығы бар адамдар микробпен кездескенде патологиялық, морфологиялық субстрат қалыптасуы және макроорганизм функциясының өзгеруі байқалмайтын дені сау организмде микробтасымалдаушылық қалыптасуымен аяқталады. Аттenuацияланған штамдардан дайындалған тірі вакциналар қолданғанда симптомсыз вакциналық инфекция қалыптасуы осындай жағдайға мысал бола алады.
- Жұпалы ауру жеке нозологиялық бірлік (аурудың абстракты аты) ретінде түрлік, ал кейде типтік тұрғыдан өз алдына бөлек жекеленген қоздырғышпен зардаптануынан туындайды. Инфекциялық (инвазиялық) аурулардың саны қазіргі кезде ғылымға белгілі болған, макроорганизмге жұғу қабілеті бар, қоздырғыштар түрінің санына сай келеді.

Инфекцияның шығу тегіне байланысты түрлері

- Инфекцияның *спонтанды* (табиғи) және *экспериментальды* (жасанды) болады.
- *Спонтанды инфекция* осы патогендік микробқа тән беріліс механизмі іске асқан табиғи жағдайда пайда болады және мал организмінде әлдеқашан мекендеген шартты патогендік микроорганизмдердің активтенуі арқылы болады.
- *Жасанды инфекцияны* патологиялық материалды немесе қоздырушының культурасын енгізу арқылы жасайды.
- Егер спецификалық қоздырушы сырттан, қоршаған ортадан, организмге енген болса, *экзогендік инфекция* туралы сөз болады. Бірақ, малдың ауруға қарсы тұрушылығы төмендеген организмді компенсалдар есебінде мекендеушілер, шартты патогенді микробтар инфекцияны тудыра алады. Бұл *эндогендік инфекция* (аутоинфекция). Қоздырушының бір түрімен пайда болған инфекцияны қарапайым (моноинфекция) деп, ал бүтін бір топ микробтарының патогендік әрекетінің нәтижесінде пайда болғанда –*ассоциативті* деп аталады.

Эндогенді және экзогенді инфекция түрлері



Инфекцияның таралуына байланысты түрлері

- Инаппаранттық-Қоздырушы организмге кіріп өскеніне қарамай аурудың клиникалық белгілері байқалмайды. Бұл процесс организмнің сауығып кетуімен аяқталады.
- Жай инфекция-инфекциялық процессті бір ғана микроб шақырады.
- Аралас инфекция-инфекциялық процессті екі немесе үш зардапты микробтар шақырады.
- Параинфекция-инфекциялық процессті басқа микробтар шақырады.

- Реинфекция-алғашқы қоздырғышты қайта жұқтыру.
- Суперинфекция-арудың сауыққанға дейін қайталануы.
- Рецидив инфекция-организм арудан толық жазылған кеткен сияқты болады да белгілі бір уақыт өткеннен соң ауру белгілері қайтадан көріне бастайды.
- Екіншілік инфекция-негізгі арудың арқасында организм төзімділігі төмендеп, организм серіктері, яғни комменсал-сапрофиттердің белсенділігі артып аруды асқындырады.
- Латентті инфекция-бұл инфекциялар жасырын, яғни клиникалық белгілері білінбей өтеді.

Таралу жолдары

- Аэрогенды жол
- Алиментарлы жол
- Қарым-қатынас
- Трансмиссивті
- Туа пайда болған
- Ятрогенді

Инфекцияның таралуына байланысты түрлері



Инфекцияларды созылуына байланысты бөлуге болады:

- ✓ Аса жіті
- ✓ Жіті
- ✓ Жітіден төмен
- ✓ Созылмалы

Қорытынды

Инфекция микроорганизм мен патогендік микробтардың әрекеттесуіндегі эволюциялық қалыптасқан биологиялық процестер комплексінің даму барысындағы қағыну күйі. Инфекция қоздырғышы микробтардың енуі өрбуі және тіршілік етуі микроорганизмнің қорғаныс – бейімделу реакциясының тууына себепкер болады. осы реакциялар комплексінің дамуын *инфекциялық процесс* деп аталады. Жұқпалы аурудың пайда болуы мен дамуы тек қана спецификалық қоздырушының бір болуы мен оның ауруға бейімді мал организміне енуіне ғана байланысты емес, сонымен бірге микро- және макроорганизмнің өзара қатынас сипатын белгілейтін ішкі және сыртқы ортаға да байланысты.

The background is a light green gradient. On the left, there are several interlocking gears of varying sizes, some with a serrated edge. Flowing from the top left towards the bottom right are several thick, wavy, translucent ribbons in shades of yellow and green. Scattered throughout the scene are numerous bubbles of different sizes, some with a soft glow and others appearing more like simple spheres. The overall aesthetic is clean, modern, and organic.

Назарларыңызға рахмет!!!